



**Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА ФАКУЛЬТЕТІ
ФК-31 ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ:
ТЕМІРБЕКОВ БЕКЖАН
РАХМЕТУЛЛИНА ФАТИМА**





БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫН РЕТТЕУ





Бағалы қағаздар нарығын реттеу - оған барлық қатысушылардың іс-әрекетін және олардың арасындағы операцияларды тәртіпке келтіруге бағытталған қоғам өкілетінің қызметі. Нарыққа қатысушылардың іс-әрекетін екі жақты — ішкі және сыртқы — реттеуге болады.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекет тарапынан ретту, бақылау және қадағалау мақсаттары болып табылады:




ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ – капитал несие берушілер мен қарыз алушылар арасында бағалы қағаздарды шығару және сатып алу-сату нысанында қайта бөлінетін несие капиталдары рыногінің бір бөлігі. Қаржы нарығының бастапқы және қайталама рыноктардың жиынтығы деп қарауға болады.






Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекет тарапынан реттеу, бақылау және қадағалау ұстанымдары:



Ресурстар мен реттеу құралдарын тиімді қолдану



қаржы ұйымдары мен қаржы қадағалау қызметінің айқындығы



қаржы ұйымдарының жауапкершілігі



ІШКІ РЕТТЕУ

Ішкі реттеу деген осы ұйымның, оның бөлімшелері мен қызметкерлерінің өз қызметінде ұйымның жарғысын, ережелерін және т.б. іс-әрекетін айқындайтын ішкі нормативтік құжат талаптарын орындауы.



СЫРТҚЫ РЕТТЕУ



Сыртқы реттеу деген осы ұйымның өз қызметінде мемлекеттің, басқа да ұйымдардың, халықаралық келісімдердің нормативтік актілерін орындауы.

Кез келген бағалы қағаздар нарығын тікелей немесе жанама түрде сауда-саттыққа барлық қатысушылардың — эмитенттердің, инвесторлардың, кәсіби делдалдардың, нарық инфрақұрылымы ұйымдарының қызметін тәртіпке келтіретін уәкілетті органдар реттеп отырады.



Реттеудің түрлері

мемлекеттік реттеу, онымен қызмет бабына реттеу функциясы кіретін мемлекеттік органдар шұғылданады;

нарықтың өзін-өзі реттеуі, немесе бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың өз ұйымдарының қызметін реттеуі. Жалпы мемлекеттің немесе нарықтың кәсіби мамандарының өз реттеу қызметін бастауының ең алғашқы себебі бағалы қағаздар нарығының кейбір іс-әрекеттеріне қалың бұқара топтарының қарсылығы болып табылады;

қоғамдық реттеу, яғни нарықты қоғамдық пікір арқылы реттеу.





Әлемдік тәжірибеде бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу екі түрлі жолмен жүргізіледі: мемлекеттік органдар уәкілі қатысуымен тікелей араласу, сонымен қатар іс-шаралар арқылы нарыққа жанама араласу.



Тікелей араласу шараларына мыналар жатады:



- бағалы қағаздар нарығы мәселелері жөнінде заң шығаратын өкілетті органдардың жұмысы;
- осы мәселелер бойынша атқарушы үкімет органдарының қаулылары мен бұйрықтары;
- бағалы қағаздар нарығының жұмысына жаңа ережелер енгізетін немесе ескілерін өзгертетін басқа да мемлекеттік органдардың іс-шаралары. Негізінен бұл бағалы қағаздар нарығына қатысушыларға лицензия беру, бағалы қағаздардың кейбір түрлерінің айналысына шек қояу немесе оны тоқтату, бағалы қағаздарды тіркеу және с.с. жұмыстар.

ЖАНАМА АРАЛАСУ ТЕТІКТЕРІНЕ МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:

несие үшін процент мөлшерін өзгерту арқылы айналымдағы ақша массасын және несие көлемін мемлекеттік бақылау;

мемлекеттің салық саясаты;

депозиттерге, несиелерге, қарыздарға үкімет кепілдігі;

мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты (шетел валютасы мен алтын операцияларын, экспорт шараларын ынталандыру және с. с. жұмыстарды

қарыз капиталы нарығына мемлекеттің араласуы (қазы-нашылық облигацияларды, вексельдерді, орта және ұзақ мерзімді бағалы қағаздарды, мемлекеттік органдардың міндеттемелерін және с.с. шығару) арқылы мемлекет пен корпорациялардың арасында несие үшін тікелей бәсекенің тууы;

мемлекеттің сыртқы экономикалық (саяси байланыстарды ұлғайту немесе шектеу және с.с.) іс-шаралары.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!